71. Комитет жұмысының ұйымдастырылуын қамтамасыз ету үшін комитет немесе Директорлар кеңесі комитет хатшысын тағайындайды. Комитет хатшысы болып Корпоративтік хатшы немесе комитет шешімімен Қоғамның басқа қызметкері тағайындалады. Комитет хатшысы отырыстарды дайындау, материалдарды жинау және жүйелеу, отырыстар туралы хабарламаларды, күн тәртібін және материалдарды комитет мүшелері мен шақырылған тұлғаларға уақтылы жолдау, отырыстарды хаттамалау, шешім жобаларын әзірлеу және барлық тиісті материалдарды сақтау жұмыстарын қамтамасыз етеді.

72. Директорлар кеңесі комитеттер құру туралы шешім қабылдайды, олардың құрамын, мерзімдерін және өкілеттіктерін анықтайды.

Комитеттер құрамына комитетте жұмыс істеуге кәсіби білімі, құзыреті мен дағдылары бар Директорлар кеңесінің мүшелері кіреді. Комитеттер құрамын қалыптастыру кезінде ықтимал мүдделер қақтығысының болуы ескеріледі. Комитет төрағалары кәсіби құзыреттерден бөлек, ұйымдастырушылық және көшбасшылық қасиеттерге, сондай-ақ комитет жұмысын тиімді ұйымдастыруға қажетті жақсы коммуникативтік дағдыларға ие болуы тиіс.

Комитет отырыстарында шешімдерді комитет мүшелері қабылдайды.

Қажет болған жағдайда, комитеттер күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сараптамалық кеңес беру үшін тәуелсіз сарапшылар мен кеңесшілерді тартады.

73. Комитеттер өз қызметінің жұмыс жоспарын (күнтізбелік жыл басталғанға дейін) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарымен келісе отырып, қаралатын мәселелер тізімі мен отырыстардың өткізілетін күндерін көрсете отырып бекітеді. Комитет отырыстарын өткізу жиілігі жылына кемінде төрт рет болуы тиіс. Комитет отырыстары бетпе-бет түрде өткізіліп, хаттамамен ресімделеді. Ерекше жағдайларда комитет отырыстары сырттай өткізілуі мүмкін, бұл ретте шешімдер ресімделеді. Комитет отырыстарының хаттамалары Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне жіберіледі. Ыңғайлы жағдай жасау және отырыстарды өткізудегі шығындарды азайту мақсатында комитет мүшелерінің техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып қатысуына жол беріледі.

74. Комитет төрағалары өз қызметі туралы есеп дайындайды және бөлек отырыста Директорлар кеңесіне жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері туралы есеп береді. Директорлар кеңесі жыл ішінде кез келген уақытта комитеттерден ағымдағы қызмет туралы есепті белгіленген мерзімде ұсынуды талап ете алады.

8-параграф. Стратегиялық жоспарлау комитеті

75. Объективті және тәуелсіз шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ

мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін кез келген мүдделі тараптардың (Жалғыз акционердің өкілдері, атқарушы органның басшысы, қызметкерлер және басқа тұлғалар) стратегиялық жоспарлау комитеті мүшелерінің пікіріне ықпал етуін болдырмау мақсатында, стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамындағы мүшелердің басым бөлігі тәуелсіз директорлардан тұрады. Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы ретінде тәуелсіз директорды сайлау ұсынылады.

76. Стратегиялық жоспарлау комитетінің функцияларына Қоғам қызметінің басым бағыттары мен даму стратегиясын әзірлеу мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау және оларды Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыну жатады. Бұл қызметке даму жоспарын әзірлеу және өзектендіру**,** оның орындалуын мониторингілеу, негізгі көрсеткіштерді (НТК) белгілеу және қадағалау, негізгі тәуекелдерді анықтау, сондай-ақ Қоғам қызметінің тиімділігін, оның ұзақмерзімді құнын және тұрақты дамуын арттыруға ықпал ететін өзге де шаралар кіреді.

9-параграф. Ішкі аудит комитеті

77. Объективті және тәуелсіз шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін мүдделі тараптардың (Жалғыз акционердің өкілдері, Қоғам Басқарма Төрағасы, қызметкерлер және басқа тұлғалар) комитет мүшелерінің пікіріне ықпал етуін болдырмау мақсатында, ішкі аудит комитетінің құрамына тек бухгалтерлік есеп және аудит, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау салаларында білімі мен тәжірибесі бар тәуелсіз директорлар ғана кіреді.

Ішкі аудит комитетінің функцияларына ішкі және сыртқы аудит, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғамның ішкі құжаттарын сақтау мәселелері, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, НТК белгілеу, олардың қызметіне баға беру және сыйақы төлеу бойынша мәселелер және Директорлар кеңесінің тапсырмасымен өзге де мәселелер кіреді.

78. Ішкі аудит комитеті Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне (шоғырландырылған және/немесе шоғырландырылмаған) аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау бойынша Жалғыз акционерге ұсынымдар дайындайды, сондай-ақ аудит есебін Директорлар кеңесіне алдын ала бекітуге және кейіннен Жалғыз акционерге бекітуге ұсынылғанға дейін қарайды.

10-параграф. Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер комитеті

79. Объективті және тәуелсіз шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін кез келген мүдделі тұлғалардың (Жалғыз акционердің өкілдері, Қоғам Басқармасының төрағасы, қызметкерлер және басқа тұлғалар) комитет мүшелерінің пікіріне ықпал етуін болдырмау мақсатында, кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер комитетінің құрамындағы мүшелердің көпшілігі тәуелсіз директорлардан тұрады.

80. Кадр және сыйақы комитетінің кем дегенде бір мүшесі персоналды басқару және оның қызметін бағалау саласында, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында білім мен тәжірибеге ие болуы қажет. Комитет төрағасы болып тәуелсіз директор сайланады.

81. Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер комитетінің функцияларына Басқарма Төрағасы мен мүшелерін тағайындау (сайлау), мотивациялық НТК қою, олардың қызметін бағалау, сыйақы белгілеу және сабақтастықты жоспарлау мәселелері, Корпоративтік хатшыны және Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалатын Қоғамның басқа қызметкерлерін тағайындау және сыйақы төлеу мәселелері, сондай-ақ Жалғыз акционер өкілеттік берген жағдайда Директорлар кеңесінің құрамына қатысты осы мәселелерді қарауға қатысу кіреді. Бұл ретте, кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер комитеті мүшелерінің өздерін тағайындау және/немесе оларға сыйақы төлеу мәселелерін қарау кезінде мүдделер қақтығысы болмауы тиіс және олар бұл мәселелерді қарауға қатыспайды.

11-параграф. Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру

82. иректорлар кеңесінің отырыстарын әзірлеу және өткізу оның қызметінің тиімділігін арттырады. Өз міндеттерін орындау үшін Директорлар кеңесінің мүшелеріне толық, өзекті және уақытылы ақпаратқа қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

83. Директорлар кеңесі Қоғам құжаттарында белгіленген отырыстарды әзірлеу және өткізу рәсімдерін сақтайды.

84. Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жылдың басына дейін Директорлар кеңесі бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі, ол қаралатын мәселелер тізбесін және отырыстар өткізу кестесін қамтиды.

Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстары күндізгі немесе сырттай дауыс беру арқылы өткізіледі. Директорлар кеңесіне сырттай дауыс беру нысанындағы отырыстар санын қысқарту ұсынылады.

85. Стратегиялық сипаттағы мәселелерді қарау және олар бойынша шешім қабылдау тек Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарында жүзеге асырылады.

86. Егер Директорлар кеңесінің мүшелері (жалпы құрамының 30%-ынан аспайтын) отырысқа жеке қатыса алмаса, Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының аралас нысанда өткізілуі мүмкін.

Отырыста бола алмайтын Директорлар кеңесінің мүшесі техникалық байланыс құралдары арқылы талқылауға қатыса алады және өз пікірін жазбаша түрде ұсынуға құқылы.

87. Директорлар кеңесі отырыстарының жиілігі жылына кемінде алты рет болуы тиіс.

88. Директорлар кеңесі отырысына арналған материалдар, Қоғам Жарғысында өзге мерзімдер белгіленбесе, отырысқа дейін кемінде он күнтізбелік күн бұрын, ал Қоғам Жарғысында айқындалған аса маңызды мәселелер бойынша кемінде он бес күнтізбелік күн бұрын жолдануы тиіс.

89. Маңызды мәселелер тізбесіне даму жоспарын бекіту және оның орындалуын бағалау, Басқарма төрағасы мен мүшелеріне арналған НТК, жылдық есеп, сондай-ақ басқа заңды тұлғаларды құруға қатысу мәселелері кіреді.

90. Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібіне материалдары белгіленген мерзімдерден кеш ұсынылған мәселелер енгізілмейді. Мерзімдер бұзылған жағдайда мәселелер күн тәртібіне енгізілген болса, мұндай қажеттілікке қатысты Директорлар кеңесінің Төрағасына жан-жақты негіздеме беріледі. Мерзімдер бұзылған мәселелердің күн тәртібіне енгізілуі бұл мәселелерді уақтылы дайындауға және ұсынуға жауапты тұлғаның қызметін бағалау кезінде ескеріледі.

91. Директорлар кеңесі шешімдерді толық, шынайы және сапалы ақпарат негізінде қабылдайды. Директорлар кеңесінің тиімді және уақытылы шешім қабылдауын қамтамасыз ету үшін келесі шарттар сақталады:

1) Директорлар кеңесіне ұсынылатын материалдардың, ақпараттың және құжаттардың сапасы жоғары болуы тиіс (қажет болған жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшелерінің тілді меңгеруіне қарай өзге тілдерге аударылуы қамтамасыз етіледі);

2) ажет болған жағдайда сарапшылардың (ішкі және сыртқы) пікірі алынуы тиіс. Сарапшыларды тарту қабылданған шешім үшін Директорлар кеңесінің жауапкершілігін алып тастамайды;

3) маңызды және күрделі мәселелерді қарау кезінде талқылауға жеткілікті уақыт бөлінуі тиіс;

4) мәселелер уақытылы қаралуы тиіс;

5) қабылданатын шешімдерде келесі іс-қимыл жоспары, мерзімдері және жауапты тұлғалар көрсетілуі тиіс.

Директорлар кеңесі шешімдерінің сапасына теріс әсер ететін факторлар:

1) бір немесе бірнеше директордың отырыста үстемдік етуі, бұл басқа директорлардың толыққанды талқылауға қатысуына кедергі келтіруі мүмкін;

2) тәуекелдерге формалды көзқарас;

3) жеке мүддені көздеу және этикалық нормалардың төмен деңгейі;

4) Директорлар кеңесі отырысында шешімдердің шынайы және белсенді талқылаусыз формалды түрде қабылдануы;

5) ымырасыз көзқарас (икемсіздік) немесе даму ұмтылысының болмауы (қолда бармен шектелу);

6) ұйымдық мәдениеттің әлсіздігі;

7) ақпарат пен/немесе талдаудың жеткіліксіздігі.

Директорлар кеңесінің мүшелері шешім қабылдау үшін күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қосымша ақпарат сұрата алады.

92. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі Директорлар кеңесінің және оның құрамына кіретін комитет отырыстарына қатысады. Аталған нормадан ауытқуға тек Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесінде көзделген ерекше жағдайларда жол беріледі.

93. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының кворумы Қоғам Жарғысына сәйкес айқындалады, бірақ Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде жартысынан аз болмауы тиіс. Бұл ретте, кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің техникалық байланыс құралдары (бейнеконференция, телефон арқылы конференцбайланыс және т.б.) арқылы талқылауға және дауыс беруге қатысуы немесе олардың жазбаша түрде білдірген дауыстары ескеріле отырып айқындалады.

94. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысында шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғам Жарғысында өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысушы Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

95. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысында әрбір мүшенің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің мүшесі дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, соның ішінде Қоғамның басқа Директорлар кеңесінің мүшесіне беруге құқылы емес.

96. Қоғамның Директорлар кеңесі шешім қабылдаған кезде, дауыстар тең болған жағдайда шешуші дауыс құқығы Директорлар кеңесінің Төрағасына тиесілі.

97. Қаралуға шығарылған мәселеге мүдделілігі бар Директорлар кеңесінің мүшесі бұл мәселені талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, бұл жөнінде Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тиісті белгі жасалады.

Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстары Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен корпоративтік хатшы немесе корпоративтік хатшы қызметінің қызметкерлері қатарынан комитет хатшысы тарапынан хатталады. Хаттамада талқылау қорытындылары мен қабылданған шешімдер толық көлемде көрсетіледі.

98. Директорлар кеңесі бұрын қабылданған шешімдерді қайта қарауы мүмкін. Қайта қарауға шешімнің өзі мен оны қабылдау процесі жатады. Бұрын қабылданған шешімдерді қайта қарау Директорлар кеңесінің өз қызметін жыл сайын бағалауы кезінде жүзеге асырылады.

12-параграф. Директорлар кеңесінің қызметін және тиімділігін бағалау

99. Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметі құрылымдалған рәсім шеңберінде жыл сайын бағаланады.Бұл рәсім Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітіледі. Бағалау тәсілдері ретінде өзін-өзі бағалау немесе бағалау сапасын арттыру мақсатында тәуелсіз сыртқы консультантты тарту көзделеді. Директорлар кеңесінің қызметіне тәуелсіз бағалау жүргізу қажеттілігі туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің ұсынымы негізінде қабылдайды. Бұл ретте кемінде үш жылда бір рет бағалау кәсіби тәуелсіз ұйымды тарту арқылы жүргізіледі.

Директорлар кеңесі қызметін бағалау оның жұмыс тиімділігін, Басқармамен өзара іс-қимылын, комитеттер мен мүшелердің қатысу белсенділігін, сондай-ақ Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және корпоративтік хатшының жұмысын жақсартудың басым бағыттарын айқындауға бағытталған.

100. Бағалау Директорлар кеңесінің, комитеттердің және әрбір мүшесінің Қоғамның ұзақ мерзімді құнын арттыруға және тұрақты дамуына қосқан үлесін айқындауға, сондай-ақ жетілдіру бағыттарын анықтауға және тиісті шараларды ұсынуға мүмкіндік береді. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің мүшелерінің Қоғамның ұзақ мерзімді құнын арттыру және тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті дағдылар, тәжірибе және білімдерге деген қажеттілігін анықтау, сабақтастықты жоспарлау және қайта сайлау үшін пайдаланылады. Егер Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің қызметінің нәтижелері бойынша елеулі кемшіліктер анықталса, Директорлар кеңесінің Төрағасы оларды жою бойынша шаралар қабылдау үшін Жалғыз акционермен консультациялар жүргізеді. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің оңтайлы сандық құрамын және тәуелсіз директорлардың сыйақы мөлшерін айқындау кезінде ескеріледі.

101. Бағалау Директорлар кеңесінің және оның жекелеген мүшелерінің кәсіби деңгейін арттырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады және жаңа директорларды лауазымға енгізу бойынша тиімді және тиісті бағдарламаларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Бағалау

тәуелсіз директорларға да, Жалғыз акционердің өкілдеріне де, сондай-ақ Директорлар кеңесінің құрамына кірген жағдайда, Басқарма Төрағасына да қатысты жүзеге асырылады.

Бағалау үдерісі келесі қағидаттарға сәйкес жүргізіледі: жүйелілік, кешенділік, үздіксіздік, шынайылық, құпиялылық.

Директорлар кеңесі, оның комитеттері және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау үдерісі, мерзімі мен тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

Бағалау үдерісіне жауапкершілік пен оның нәтижелері бойынша шаралар қабылдау Директорлар кеңесінің Төрағасына жүктеледі.

102. Бағалауға, соның ішінде мынадай мәселелерді қарау кіреді:

1) Қоғам алдында тұрған міндеттер тұрғысынан Директорлар кеңесінің құрамының оңтайлылығы (дағдылар мен тәжірибе теңгерімі, құрамның әртүрлілігі, тәуелсіздік және объективтілік);

2) Қоғамның миссиясын, стратегиялық мақсаттарын, негізгі міндеттерін, проблемаларын және құндылықтарын түсіну дәрежесі;

3) Директорлар кеңесінің бірыңғай орган ретінде жұмыс істеуі, Директорлар кеңесі мен Басқарма Төрағасының рөлі;

4) Директорлар кеңесінің Жалғыз акционермен, Басқармамен және Қоғамның лауазымды тұлғаларымен өзара әрекеттесу тиімділігі;

5) Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің тиімділігі;

6) Директорлар кеңесінің комитеттерінің қызметінің тиімділігі және олардың Директорлар кеңесімен, Басқарма мүшелерімен өзара әрекеттесуі;

7) Директорлар кеңесіне ұсынылатын ақпарат пен құжаттардың сапасы;

8) Директорлар кеңесі мен оның комитеттеріндегі пікірталастар сапасы;

9) корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігі;

10) рәсімдердің және құзыреттердің анықтығы;

11) тәуекелдерді анықтау және бағалау үдерісі;

12) Жалғыз акционермен және өзге де мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу.

103. Директорлар кеңесі жыл сайынғы есепте өз қызметінің бағалау әдісін және оның нәтижелері бойынша қабылданған шараларды көрсетеді.

104. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің қызметін өз бетінше немесе тәуелсіз сыртқы консультантты тарта отырып, өз қаражаты есебінен бағалауды жүзеге асыруы мүмкін. Жалғыз акционер жүргізетін бағалау кезінде Директорлар кеңесі жүргізген бағалаудың нәтижелері, Қоғам қызметінің нәтижелері, сондай-ақ НТК-ның орындалуы ескеріледі.

13-параграф. Қоғамның корпоративтік хатшысы

105. Директорлар кеңесінің жұмысын тиімді ұйымдастыру және Басқарманың Жалғыз акционермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында, Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындайды.

106. Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайдау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттік мерзімін, функциялары мен қызмет тәртібін, лауазымдық жалақысының мөлшері мен сыйақы шарттарын айқындайды, сондай-ақ корпоративтік хатшы қызметін (хатшылықты) құру туралы шешім қабылдайды және осы қызметтің бюджетін белгілейді. Корпоративтік хатшы Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғам Басқармасынан тәуелсіз.

107. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

1) Қоғамның Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционерінің корпоративтік шешімдерін уақтылы және сапалы қабылдауға жәрдемдесу;

2) Директорлар кеңесінің мүшелері үшін корпоративтік басқару, Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын және осы Кодекстің ережелерін қолдану мәселелері бойынша кеңесші рөлін орындау;

3) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған корпоративтік шешімдердің уақтылы орындалуын бақылау;

4) Директорлар кеңесінің корпоративтік шешімдері мен материалдарының архивін және Жалғыз акционердің шешімдер тізілімін жүргізу;

5) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін Қоғам Басқармасы мен басқа да негізгі қызметкерлердің орындауын мониторингтеу, сондай-ақ орындау/орындалмау туралы Директорлар кеңесіне хабарлау;

6) Осы Кодекс ережелеріне түсініктеме беру және олардың орындалуын бақылау;

7) Қоғамда корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысу.

Корпоративтік хатшы сондай-ақ осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті дайындайды, ол Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізіледі. Бұл есепте сақталмаған қағидаттар мен ережелер көрсетіледі және тиісті түсіндірмелер беріледі.

Корпоративтік хатшыға өзге де міндеттерді жүктеу оның ағымдағы жұмыс жүктемесін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Жаңа міндеттерді жүктеу осы Кодексте және Қоғамның ішкі құжаттарында сипатталған функциялардың орындалу сапасына теріс әсер етпеуі керек. Жаңа функциялар Қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелері мен лауазымды тұлғаларының функцияларын қайталамауы тиіс. Егер қайталану орын алса, функцияларды қайта қарау және дублирлеуді барынша азайту талап етіледі.

108. Корпоративтік хатшының Директорлар кеңесінің қызметін қамтамасыз ету бойынша негізгі функцияларына мыналар жатады:

1) Директорлар кеңесінің Төрағасына жұмыс жоспары мен отырыстар күн тәртібін қалыптастыруда көмек көрсету;

2) Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын ұйымдастыру;

3) Директорлар кеңесінің мүшелеріне күн тәртібіндегі және Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін жеткілікті, өзекті және уақтылы ақпараттың берілуін қамтамасыз ету;

4) Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының хаттамаларын жүргізу, сондай-ақ осы отырыстардың хаттамалары мен материалдарын сақтау;

5) Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қоғамның Жарғысы, Кодексі және ішкі құжаттары бойынша кеңес беру, сондай-ақ өзгерістерді мониторингтеу және олар туралы уақтылы хабардар ету;

6) Жаңадан сайланған Директорлар кеңесінің мүшелерін лауазымға енгізуді ұйымдастыру;

7) Директорлар кеңесі мүшелерінің оқытуын және сарапшыларды тартуды ұйымдастыру;

8) Директорлар кеңесі мүшелерінің Жалғыз акционермен және Басқармамен өзара іс-қимылын ұйымдастыру.

Жалғыз акционермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бөлігінде:

1) Мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару және сол бойынша шешім қабылдау үдерісін ұйымдастыру;

2) Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарды уақтылы жолдау;

3) Жалғыз акционердің шешімдері мен оларға қатысты материалдардың (бар болған жағдайда) сақталуын қамтамасыз ету;

4) Жалғыз акционердің сұратулары бойынша ақпаратты уақтылы ұсынуды бақылауды қоса алғанда, Қоғамның Жалғыз акционермен тиісті өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету.

Тиісті корпоративтік басқару тәжірибесін енгізу бөлігінде:

1) Кодекс қағидаттары мен ережелерінің іске асырылуын және сақталуын мониторингтеу;

2) Осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті дайындау;

3) Өз функцияларын орындау шеңберінде корпоративтік басқару нормаларын бұзушылықтарды анықтау (Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қоғамның Жарғысы және өзге де құжаттарда бекітілген);

4) Жалғыз акционердің өкілдері, лауазымды тұлғалар және Қоғам қызметкерлеріне корпоративтік басқару мәселелері бойынша кеңес беру;

5) Корпоративтік басқару саласындағы озық әлемдік тәжірибені мониторингтеу және Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

109. Қоғам органдары арасында тиімді өзара іс-қимылды және ақпарат алмасуды қамтамасыз ету мақсатында, корпоративтік хатшы өзара тиімді қарым-қатынастар орнату

және қақтығысты жағдайларды шешу дағдыларына ие болуы тиіс. Қайшы мүдделер туындаған жағдайда, корпоративтік хатшы бұл туралы Директорлар кеңесінің Төрағасына хабарлайды.

110. Өз міндеттерін орындау үшін корпоративтік хатшы тиісті білімге, тәжірибеге және біліктілікке, сондай-ақ адал іскерлік беделге ие болуы тиіс. Қоғамның мөлшері мен қызметінің ауқымына қарай корпоративтік хатшы қызметі құрылуы мүмкін.

111. Корпоративтік хатшы лауазымына кемінде бес жылдық жұмыс өтілі бар, жоғары заңгерлік немесе экономикалық білімі бар, корпоративтік басқару және корпоративтік құқық саласында практикалық білімі бар тұлға тағайындалады.

112. Директорлар кеңесінің отырыстарын сапалы дайындау және өткізу тиімділігін арттыру мақсатында, мүшелерге ұсынылатын материалдардың толықтығы мен пайдасы мерзімді түрде талқыланады. Бұл талқылаулардың нәтижелері корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігін бағалау элементтерінің бірі болып табылады.

113. Қоғамда корпоративтік хатшыға қатысты лауазымға кіріспе бағдарламасы мен сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы әзірленеді. Корпоративтік хатшыны тағайындау Қоғамның ішкі құжаттарымен бекітілген ашық әрі айқын рәсімдер негізінде жүзеге асырылады.

114. Корпоративтік хатшы өз қызметін Директорлар кеңесі бекітетін ереже негізінде жүзеге асырады. Бұл ережеде оның функциялары, құқықтары мен міндеттері, Қоғам органдарымен өзара іс-қимыл тәртібі, біліктілік талаптары және өзге де мәліметтер көрсетіледі.

115. Қоғамның Басқармасы корпоративтік хатшының өкілеттіктерін жүзеге асыруына жан-жақты жәрдем көрсетеді.

14-параграф. Қоғамның Омбудсмені

116. Қоғамда іскерлік этика қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету және туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын тиімді реттеу мақсатында омбудсмен тағайындалуы мүмкін. Омбудсменнің функцияларын Қоғамның бір қызметкеріне жүктеуге болады.

Омбудсмен лауазымына кандидат кіршіксіз іскерлік беделге, жоғары беделге ие болуы және бейтарап шешімдер қабылдай алу қабілетіне ие болуы тиіс.

117. Омбудсмен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және әр екі жыл сайын қайта сайланады. Омбудсменнің рөлі – оған жүгінген қызметкерлерге, еңбек дауларының қатысушыларына кеңес беру және Қазақстан Республикасының заңнамасын (құпиялылықты сақтау талаптарын қоса алғанда) сақтау шеңберінде өзара қолайлы, конструктивті және іске асырылатын шешім табуға көмектесу, Қоғам мен қызметкерлер арасындағы әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге жәрдемдесу.

118. Омбудсмен жүйелі сипаттағы және тиісті шешімдерді (кешенді шараларды) қабылдауды талап ететін проблемалық мәселелерді анықтап, оларды Қоғамның тиісті органдары мен лауазымды тұлғаларының қарауына шығарады және оларды шешу үшін нақты ұсыныстар енгізеді.

119. Омбудсмен өзінің жүргізген жұмысының нәтижелері туралы есепті тоқсан сайын кемінде бір рет кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетке және Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынады. Комитет пен Директорлар кеңесі оның қызметінің нәтижелілігін бағалайды.

120. Қоғамның Директорлар кеңесі жылдық жұмыс жоспарын және НТК-ны бекітеді, омбудсмен қызметінің нәтижелерін тоқсанына кемінде бір рет бағалайды, еңбекақы төлеу және сыйақы беру мәселелерін қарайды және омбудсмен лауазымын атқаратын тұлғаның өкілеттігін ұзарту немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды. Еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттары Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін ішкі нормативтік құжатпен айқындалады. Омбудсменнің еңбек жағдайлары мен жұмыс орны Қоғам Басқармасының шешімімен белгіленеді.

Қоғам жоғары этикалық стандарттарды ұстануға және бұл стандарттардың барлық қызметкерлер мен серіктестер тарапынан тұрақты түрде сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті рәсімдерді енгізуге міндетті.

15-параграф. Қоғамның Директорлар кеңесі жанындағы ішкі аудит қызметі

121. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелеріне қадағалауды жүзеге асыруда Директорлар кеңесіне жәрдемдесу мақсатында Директорлар

кеңесі тәуелсіз ішкі аудиттің болуын қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Қоғамның қызметін жетілдіруге және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар ұсыну үшін жеке құрылымдық бөлімше ретінде құрылады. Бұл қызмет тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару үдерістерінің тиімділігін бағалау мен арттырудың жүйелі және дәйекті тәсіліне негізделеді.

Директорлар кеңесі ІАҚ-ның сандық құрамын, қызметкерлерінің өкілеттік мерзімін анықтайды, оның басшысын тағайындайды және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады, жұмыс тәртібін, қызметкерлердің еңбекақысы мен сыйақы шарттарын, сондай-ақ ІАҚ бюджетін айқындайды.

122. ІАҚ қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

123. ІАҚ тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және Қоғамның Басқармасынан тәуелсіз болып табылады. ІАҚ-ның міндеттері мен функциялары, құқықтары мен жауапкершілігі Директорлар кеңесі бекітетін ішкі аудит қызметі туралы ережеде белгіленеді.

124. ІАҚ-тың Директорлар кеңесіне ұйымдық бағыныштылығы мен функционалдық есептілігі мыналарды білдіреді:

1) ІАҚ мақсаттары, міндеттері, функциялары және қызметінің тәртібі айқындалатын ішкі аудит саласындағы ережені ішкі аудит комитеті алдын ала қарағаннан кейін Директорлар кеңесінің бекітуі;

2) тәуекелге бағдарланған жылдық аудит жоспарын ішкі аудит комитеті алдын ала қарағаннан кейін Директорлар кеңесінің бекітуі;

3) жылдық аудит жоспарының орындалуы және ішкі аудит қызметінің өзге де қызметі туралы тоқсан сайынғы және жылдық есептерді ішкі аудит комитеті алдын ала қарағаннан кейін Директорлар кеңесіне ұсыну;

4) ішкі аудит қызметінің басшысын және қызметкерлерін тағайындау, лауазымынан босату, сыйақы белгілеу туралы шешімдерді ішкі аудит комитеті алдын ала қарағаннан кейін Директорлар кеңесінің бекітуі;

5) ІАҚ бюджетінің ішкі аудит комитеті алдын ала қарағаннан кейін Директорлар кеңесімен бекітілуі;

6) ІАҚ өкілеттіктерін елеулі түрде шектеу немесе ішкі аудит жүргізуге теріс әсер етуі мүмкін өзге де шектеулерді Директорлар кеңесінің қарауы.

125. ІАҚ-тың негізгі міндеттеріне Қоғамдағы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сапасын бағалау және бұл жүйенің жеткіліктілігі мен тиімділігі туралы ақпаратты Директорлар кеңесіне жеткізу жатады. ІАҚ-тың басты мақсаты – Қоғамның қызмет нәтижелерін жақсартуға жәрдемдесу.

126. ІАҚ туралы ережеде оның мақсаттары, міндеттері мен жауапкершілігі айқындалады және мыналар бекітіледі:

1)ішкі аудиторлардың халықаралық институты қабылдаған қағидаттарға, ішкі аудиторлардың этика кодексіне және ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына бейілділік;

2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің мәртебесі, мақсаттары, міндеттері мен жауапкершілігі;

3) ішкі аудиттің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің өз функциялары мен міндеттерін тиімді орындауы үшін ІАҚ-тың тәуелсіздігін, объективтілігін және кәсібилігін қамтамасыз ету шарттары;

4) ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары;

5) ішкі аудит қызметінің ауқымы мен мазмұны;

6) тиісті тапсырмаларды орындау кезінде құжаттарға, қызметкерлерге және материалдық активтерге қол жеткізу құқығы;

7) ІАҚ-тың Қоғамның Директорлар кеңесімен және Басқармасымен өзара әрекеттесу тәртібі, ішкі аудит комитетіне және Директорлар кеңесіне есептілікті ұсыну тәртібі.

127. ІАҚ туралы ережеде сондай-ақ мынадай міндеттер мен функциялар көзделеді:

1) Қоғам Басқармасына және қызметкерлеріне тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау, корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіру бойынша рәсімдер мен іс-шараларды әзірлеу және олардың орындалуына мониторинг жүргізуде жәрдемдесу;

2) Қоғамның сыртқы аудиторымен, сондай-ақ тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару салаларында консультациялық қызмет көрсететін тұлғалармен қызметті үйлестіру;

3) ішкі аудит бөлімшесінің қызмет нәтижелері және жылдық аудит жоспарының орындалуы туралы тоқсан сайынғы және жылдық есептерді (оның ішінде елеулі тәуекелдер, кемшіліктер, оларды жою жөніндегі шаралардың нәтижелері мен тиімділігі, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесінің нақты жағдайы, сенімділігі мен тиімділігіне баға беру нәтижелері туралы ақпаратты) Директорлар кеңесіне және ішкі аудит комитетіне дайындау және ұсыну;

4) сыртқы аудиттің ұсынымдарын орындауға мониторинг жүргізу;

5) ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару және ішкі аудитті ұйымдастыру (аталған салалардағы ішкі нормативтік құжаттар мен жобаларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда), сондай-ақ ІАҚ құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне, Басқармаға, құрылымдық бөлімшелерге және еншілес ұйымдарға консультациялар беру.

ІАҚ өз қызметін Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелге бағдарланған жылдық аудит жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Аудиторлық есептердің нәтижелері мен негізгі анықтамалар, сондай-ақ ІАҚ ұсынымдарының орындалуына мониторинг тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

Өз қызметін жүзеге асыру барысында ІАҚ ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігіне жыл сайынғы бағалау, сондай-ақ ішкі аудит және корпоративтік басқару саласындағы жалпыға бірдей танылған стандарттарды қолдана отырып, корпоративтік басқаруға баға беруді жүргізеді.

Директорлар кеңесі ІАҚ есептерін уақтылы қарауды және ІАҚ ұсынымдарының орындалуына бақылауды қамтамасыз етеді.

ІАҚ басшысы ішкі аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын сапа кепілдігі мен сапаны арттыру бағдарламасын әзірлейді және қолдайды, бұл бағдарламаның шеңберінде ішкі және сыртқы бағалау міндетті түрде жүргізіледі.

128. ІАҚ, оның басшысы және қызметкерлерінің қызметінің тиімділігіне (сапасына) баға беру Директорлар кеңесімен жүргізіледі және ІАҚ пен оның басшысының қызметінің тиімділігіне (сапасына) баға беру тәртібін айқындайтын ішкі нормативтік құжат негізінде жүзеге асырылады.

Сапа кепілдігі мен сапаны арттыру бағдарламасы ІАҚ қызметінің ішкі аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында әзірленіп, іске асырылады. Бұл бағдарлама шеңберінде кезеңдік ішкі және сыртқы бағалау (стандарттарға, ішкі аудиторлардың этика кодексіне сәйкестік тұрғысынан), сондай-ақ ішкі аудиттің тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау және қызметті жетілдіру мүмкіндіктерін айқындау көзделеді.

16-параграф. Қоғамның Басқармасы

129. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма жүзеге асырады.

Басқарма Төрағасы мен мүшелері жоғары кәсіби және жеке қасиеттерге, адал іскерлік беделге ие және этикалық стандарттарды ұстанады.

Басқарма Төрағасы ұйымдастырушылық қабілеттерге, сондай-ақ Жалғыз акционермен, Директорлар кеңесімен, қызметкерлермен және өзге де мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуді және сындарлы диалог құруды жүзеге асыру қабілетіне ие болуы тиіс.

130. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғамның күнделікті қызметіне басшылық жасайды, даму стратегиясы мен даму жоспарын, Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдерді іске асыруға жауапты.

131. Басқарма Төрағасы мен мүшелерін Жалғыз акционер сайлайды және олардың өкілеттілік мерзімдерін айқындайды. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшері, еңбекақы төлеу шарттары Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді. Жалғыз акционер кез келген уақытта Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттілігін тоқтатуға құқылы.

Қоғам Басқармасында әйелдер саны Басқарма мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауы ұсынылады. Бұл ретте Басқарма құрамын қалыптастырудың негізгі

өлшемі – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген білім мен құзыреттер болып табылады.

132. Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. Олардың өкілеттілік мерзімдері Басқарманың өкілеттік мерзімімен сәйкес келуі тиіс.

133. Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелеріне сыйақы төлеу процесінің ашықтығын арттыру мақсатында Директорлар кеңесі сыйақы төлеу мен бағалау мәселелерін реттейтін ішкі құжаттарды бекітеді және оларды қатаң түрде сақтайды.

134. Директорлар кеңесінің басшылығымен Басқарма Қоғамның даму стратегиясын әзірлейді.

Басқарма мынадай мәселелер бойынша қамтамасыз етеді:

1) Қоғам қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғысына, ішкі құжаттарына, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес жүргізілуін;

2) тәуекелдерді тиісті басқаруды және ішкі бақылауды;

3) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің іске асырылуына ресурстар бөлуді;

4) Қоғам қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігін;

5) қызметкерлердің қызығушылығын және адалдығын арттыруға, корпоративтік мәдениетті дамытуға бағытталған атмосфера құруды.

135. Директорлар кеңесі Қоғам Басқармасының қызметіне бақылау жүзеге асырады. Бақылау Қоғамның инвестициялық қызметінің нәтижелері туралы Басқарманың есептерін Директорлар кеңесіне ұсыну және даму жоспарының орындалуы мен жыл сайын қол жеткізілген нәтижелер бойынша Басқарманың тыңдалымы арқылы жүзеге асырылады.

136. Басқарма оффлайн форматта отырыстар өткізіп, даму жоспарын, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын, сондай-ақ операциялық қызмет мәселелерін қарайды. Басқарма отырыстары тұрақты негізде өткізіледі. Қашықтан (сырттай) өткізілетін отырыстар жағдайлары Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарымен шектеліп және реттеліп отырады.

137. Басқарма күнтізбелік жыл басталғанға дейін алдағы жылға арналған жұмыс жоспарын және қаралатын мәселелер тізбесін қалыптастырады. Басқарма мүшелеріне қаралатын материалдар алдын ала және тиісті сапада ұсынылады. Даму стратегиясы мен даму жоспары, инвестициялық жобалар, тәуекелдерді басқару сияқты мәселелер қаралған кезде бірнеше отырыс өткізуге жол беріледі.

Әрбір мәселе қаралған кезде шешім қабылдаудың/қабылдамаудың тәуекелдері және олардың Қоғамның құны мен тұрақты дамуына ықпалы бөлек талқыланады.

Басқарманың бастамасымен Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін барлық мәселелер алдын ала Басқармада қаралып, мақұлдануы тиіс.

138. Басқарма Төрағасы мен мүшелері мүдделер қақтығысы жағдайына жол бермейді. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда олар бұл туралы Директорлар кеңесіне немесе Басқарма Төрағасына алдын ала жазбаша түрде хабарлап, мәселе бойынша шешім қабылдауға қатыспайды.

Іскерлік этика кодексі нормаларының Басқарма мүшелері тарапынан бұзылу жағдайлары туралы Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесін хабардар етеді.

139. Басқарма Төрағасы мен мүшелері басқа ұйымдарда лауазым атқаруға тек Директорлар кеңесінің мақұлдауымен құқылы. Басқарма Төрағасы басқа заңды тұлғаның атқарушы органы басшысы немесе дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлға қызметін қоса атқармайды.

140. Басқарма Қоғамның оңтайлы ұйымдық құрылымын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Ұйымдық құрылым мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) шешім қабылдау тиімділігі;
2) Қоғам өнімділігін арттыру;
3) шешімдерді жедел қабылдау;
4) ұйымдық икемділік.

Қоғамдағы бос лауазымдарға үміткерлерді іріктеу ашық және айқын конкурстық рәсімдер арқылы жүзеге асырылады. Қызметкерлерді мансаптық жоғарылату, материалдық

ынталандыру — меритократия қағидаттарына, білім деңгейіне, құзыреттеріне, жұмыс тәжірибесіне және қойылған міндеттерді орындау деңгейіне негізделеді. Қоғамда орта және жоғары буын басқарушы лауазымдарға тағайындау үшін кадрлық резерв қалыптастырылады. Қызметкерлер жыл сайын бағалаудан өтеді.

Кадрларды іріктеу рәсімдері мынадай талаптарға сәйкес жүзеге асырылады:

1) ашықтық және кең ауқымды тұлғалар үшін лауазымға орналасуға шектеулердің болмауы, тең мүмкіндіктер қағидатын қамтамасыз ете отырып, бәсекелестікті арттыру және кәсібилік пен құзыреттілік талаптарына жауап беретін үміткерлерді іріктеу;

2) кадрларды бейтарап іріктеу және протекционизмнің, қамқоршылық жүйесінің (адалдық, этникалық тиістілік, туыстық немесе достық қарым-қатынастар қағидаттары бойынша) толық болмауы;

3) заңнамалық реттеу, оның ішінде кандидаттарды бағалау қағидаттары мен өлшемшарттарын бекіту мәселелерінде, шешім қабылдаудағы субъективтілікті болдырмау мақсатында.

Атқарушы орган мүшелерін қайта сайлау тетігі мен мерзімдері оларды ұзақмерзімді нәтижелерге қол жеткізуге ынталандыруы тиіс, бұл ретте НТК орындалмаған жағдайда мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі көзделеді.

17-параграф. Қоғам Басқармасы мүшелерінің қызметін бағалау және оларды ынталандыру

141. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің қызметін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі өлшемшарты ретінде мотивациялық НТК қол жеткізу болып табылады.

Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің мотивациялық НТК-лары Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітіледі. Басқарма мүшелерінің мотивациялық НТК-ларына қатысты ұсыныстарды Директорлар кеңесіне қарау үшін Басқарма Төрағасы енгізеді.

142. Бағалау нәтижелері сыйақының мөлшеріне, көтермелеуге, қайта сайлануға (тағайындалуға) немесе өкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді.

18-параграф. Тұрақты даму қағидаты

143. Қоғам экономикаға, экологияға және қоғамға тигізетін әсерінің маңыздылығын түсіне отырып, мүдделі тараптардың мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді құндылықты арттыруға және тұрақты дамуды қамтамасыз етуге ұмтылады. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл тәсілі Қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді.

Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызметі ашықтық, есептілік, айқындық, әдептілік, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік — тұрақты дамудың негізгі қағидаттарының бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық Қоғамның Жалғыз акционер үшін, өзге де мүдделі тараптар және жалпы қоғам үшін жасайтын құндылығын жояды. Қоғам кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлде төзбеушілік танытады. Сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне тартылған лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жұмыстан босатылады және жауапкершілікке тартылады.Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуға, болдырмауға және анықтауға бағытталған шараларды қамтуы тиіс. Қоғам мүдделі тараптармен диалог орнатып, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша хабардарлығын арттыруға міндетті.

144. Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызметі үздік халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізіледі.

Қоғам өз қызметін жүзеге асыру барысында мүдделі тараптарға әсер етеді немесе олардың ықпалына ұшырайды.

Мүдделі тараптар Қоғамның құнын арттыруға, оның тұрақты дамуына, беделіне және имиджіне оң немесе теріс әсер етуі мүмкін, сондай-ақ қауіптерді арттырып немесе азайта алады. Қоғам мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимылға ерекше мән береді.

145. Қоғам мүдделі тараптарды айқындау және олармен өзара іс-қимыл жасау кезінде мынадай халықаралық стандарттарды басшылыққа алады: AA1000 Есептілік қағидаттары стандарты (2008) (AA1000 Accountability Principles Standard (2008)); AA1000 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау стандарты (2015) (AA1000 Stakeholder Engagement Standard (2015)); ISO 26000 Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі басшылық (ISO 26000 Guidance on Social Responsibility); Жаһандық есептілік бастамасының стандарттары (Global Reporting Initiative standards). Қоғам мүдделі тараптармен диалогты және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты орнату бойынша шаралар қабылдайды.

Қоғам мүдделі тараптардың картасын әзірлейді,

146. бұл ретте тәуекелдерді ескеріп, олардың өзара тәуелділігін (тікелей немесе жанама), міндеттемелерді, жағдайларды (тәуекел деңгейі жоғары аймақтарға ерекше назар аудара отырып), ықпал ету дәрежесін, әртүрлі мүдделерді және перспективаларды ескере отырып, оларды саралайды.

147. Қоғам ұзақ мерзімді тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Бұл мақсаттар Жалғыз акционер мен инвесторлар үшін ұзақ мерзімді құндылықты арттыруды қамтиды. Қоғамдағы тұрақты даму үш құрамдас бөліктен тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік.

148. Экономикалық құрамдас бөлік Қоғам қызметін ұзақ мерзімді құндылықты арттыруға, Жалғыз акционердің мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, жетілдірілген технологияларды әзірлеу мен дамытуға инвестиция салу көлемін ұлғайтуға, еңбек өнімділігін арттыруға бағыттайды.

149. Экологиялық құрамдас бөлік тірі және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтуға, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануға, экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдануға, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз өнім шығаруға, қалдықтарды азайту, қайта өңдеу және жою жөніндегі шараларды жүзеге асыруға және басқа да тиісті қызметтерге бағытталған.

150. Әлеуметтік құрамдас бөлік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына негізделеді. Олар, соның ішінде, келесі бағыттарды қамтиды: еңбек қауіпсіздігін және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, әділетті сыйақы төлеу және қызметкерлердің құқықтарын құрметтеу, кадрларды жеке дамыту, қызметкерлерге арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын құру, демеушілік және қайырымдылық жасау, экологиялық және білім беру акцияларын өткізу және өзге де тиісті қызметтер.

151. Қоғам осы үш бағыт (экономикалық, экологиялық және әлеуметтік) бойынша өз қызметі мен тәуекелдерін тұрақты түрде талдайды, сондай-ақ өзінің қызметі нәтижесінде мүдделі тараптарға келуі мүмкін теріс әсерлерді болдырмауға немесе азайтуға ұмтылады.

152. Қоғамда тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі қалыптастырылады. Ол, соның ішінде, мынадай элементтерді қамтиды:

1) Директорлар кеңесі, Басқарма және қызметкерлер деңгейінде тұрақты даму қағидаттарына адалдық пен БҰҰ-ның Қазақстандағы Тұрақты даму мақсаттарына бейілділік;

2) Қоғам лауазымды тұлғаларының тұрақты даму мәселелерін ілгерілетуге белсенді қатысуы;

3) Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілер бойынша ішкі және сыртқы жағдайды талдау;

4) Тұрақты даму саласындағы әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тәуекелдерді айқындау;

5) Мүдделі тараптар картасын әзірлеу / байланысы бар тұлғалардың тізілімін жүргізу;

6) Мемлекетпен және қоғаммен өзара іс-қимылдың бағыттары мен форматтарын айқындау;

7) Тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен НТК белгілеу, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды айқындау;

8) Басқарма мүшелері мен Қоғам қызметкерлерінің тұрақты даму қағидаттарын қызметке енгізуге ынталандыру, оның ішінде, сыйақыны тұрақты даму нәтижелерімен байланыстыру;

9) Тұрақты дамуды негізгі бизнес-процестерге интеграциялау: тәуекелдерді басқару, жоспарлау, адами ресурстарды басқару, инвестициялар, есептілік, операциялық қызмет, даму жоспары мен шешім қабылдау процестері;

10) Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің тұрақты даму саласындағы біліктілігін арттыру;

11) Тұрақты даму бойынша іс-шараларды тұрақты түрде бақылау және бағалау, мақсаттар мен НТК-ға қол жеткізуді бағалау, түзету шараларын қабылдау және тұрақты жетілдіру мәдениетін енгізу.

153. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы тұрақты даму саласында тиісті жүйенің құрылуын және оның енгізілуін қамтамасыз етеді.

Барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар барлық деңгейде тұрақты дамуға жеке үлес қосады — бұл тиісті саясаттар мен стандарттарды сақтай отырып, олардың жеке жауапкершілігі мен мінез-құлқымен қамтамасыз етіледі.

154. Қоғамда тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспары келесі жолмен әзірленеді:

1)экономикалық, экологиялық және әлеуметтік үш негізгі бағыт бойынша ағымдағы жағдайды талдау. Бұл талдауды жүргізу барысында ақпараттың дұрыстығы, өзектілігі және сапасы ерекше маңызға ие;

2) тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді айқындау. Тәуекелдер тұрақты дамудың үш бағыты бойынша жіктеледі, бірақ олармен шектелмей, өзге де ілеспе бағыттарға әсер етуі мүмкін. Тәуекелдерді анықтау үшін Қоғамға ішкі және сыртқы әсер етуші факторлар талданады;

3) мүдделі тараптарды және олардың Қоғам қызметіне әсерін айқындау;

4) тұрақты дамудың үш құрамдас бөлігі бойынша мақсаттарды, мүмкіндігінше мақсатты көрсеткіштерді, қызметті жетілдіру және жақсарту жөніндегі іс-шараларды, жауапты тұлғаларды, ресурстарды және орындау мерзімдерін айқындау;

5) мақсаттарға қол жеткізуді, іс-шараларды және мақсатты көрсеткіштердің орындалуын тұрақты түрде бақылау және бағалау;

6) мүдделі тараптармен жүйелі және сындарлы өзара іс-қимыл орнату, кері байланыс алу;

7) әзірленген жоспарды іске асыру;

8) тұрақты мониторинг және тұрақты есептілік жүргізу;

9) жоспардың нәтижелілігін талдау және бағалау, қорытынды шығару және түзету немесе жетілдіру шараларын қабылдау.

Тұрақты даму келесі бағыттарға интеграцияланады:

1) басқару жүйесіне;

2) даму стратегиясына;

3) негізгі бизнес-процестерге, оның ішінде тәуекелдерді басқару, есептілік, адами ресурстарды басқару, инвестициялар, операциялық қызмет және шешім қабылдау процестеріне. Бұл процестер барлық деңгейде жүзеге асырылады: Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма және қатардағы қызметкерлер деңгейінде.

155. Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесінде әрбір орган мен қызметкердің тұрақты даму қағидаттарын, стандарттарын және тиісті саясаттар мен жоспарларды іске асыру бойынша рөлдері, құзыреттері мен жауапкершілігі айқындалады және бекітіледі.

156. Қоғамның Директорлар кеңесі тұрақты дамуды енгізу бойынша стратегиялық басқару мен бақылауды жүзеге асырады. Қоғамның Басқармасы тиісті іс-шаралар жоспарын әзірлеп, оны Директорлар кеңесінің қарауына енгізеді.

Тұрақты даму мәселелерін дайындау мақсатында Директорлар кеңесі жанынан комитет құрылуы мүмкін немесе бұл функциялар кеңестің жұмыс істеп тұрған комитеттерінің біріне жүктеледі.

Қоғамда тұрақты даму мәселелері бойынша арнайы оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламалары енгізіледі. Оқыту – тұрақты дамуды енгізудің тұрақты және ажырамас бөлігі болып табылады. Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметкерлердің тұрақты дамуға тартылуын қамтамасыз етеді, бұл олардың тұрақты даму қағидаттарын түсінуі мен ұстануына, сондай-ақ қызмет барысында мінез-құлқын және корпоративтік мәдениетті өзгертуге негізделеді.

157. Тұрақты даму қағидаттарын енгізудің артықшылықтарына мыналар жатады:

1) инвестицияларды тарту – жаһандық тәжірибеде инвесторлар инвестициялық тартымдылықты айқындау кезінде тұрақты даму саласындағы тиімділікті ескереді;

2) басқарушылық тиімділікті арттыру және тәуекелдерді азайту – экологиялық және әлеуметтік аспектілерді басқарушылық шешімдер қабылдау процесіне біріктіру жоспарлау аясын кеңейтуге және тәуекелдер мен мүмкіндіктердің кең ауқымын ескеруге мүмкіндік береді, бұл бизнестің тұрақты дамуына алғышарттар жасайды;

3) тиімділікті арттыру – заманауи технологияларды енгізу инновациялық өнімдер мен қызметтерді жасауға мүмкіндік береді, бұл ретте бәсекеге қабілеттілік пен тиімділік артады;

4) беделді нығайту – тұрақты даму саласындағы қызметтің тікелей нәтижесі ретінде корпоративтік имидждің жақсаруы брендтің құндылығын арттырып, сенім несиесін қалыптастырады және іскер серіктестермен өзара іс-қимыл сапасына оң әсер етеді;

5) ішкі және сыртқы мүдделі тараптар тарапынан адалдықтың артуы – тартымды еңбек жағдайларын, кәсіби және мансаптық өсу мүмкіндіктерін жасау білікті әрі келешегі зор мамандарды тартуға және ұстауға ықпал етеді; мүдделі тараптармен тиімді диалог құру Қоғамның қызметі айналасында оң орта қалыптастырып, бизнестің тиімділігін арттырады.

158. Қоғам тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын серіктестермен жасалатын тиісті шарттарға (келісімдерге, келісімшарттарға) енгізу және сақтау мүмкіндігін қарастырады.

Егер Қоғам серіктестердің экономикаға, экологияға және қоғамға теріс әсер ету қаупін анықтаса, мұндай әсерді тоқтатуға немесе алдын алуға бағытталған шаралар қабылдайды.

Серіктестің тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын сақтамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында Қоғам осы серіктестің Қоғам үшін маңыздылығын, оған ықпал ету тетіктерінің бар-жоғын және оны ауыстыру мүмкіндігін ескереді.

19-параграф. Тәуекелдерді басқару

159. Қоғамда өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған, тиімді жұмыс істейтін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі құрылады. Бұл жүйе Директорлар кеңесі мен Қоғамның Басқармасы қалыптастыратын ұйымдастырушылық саясаттар, рәсімдер, мінез-құлық нормалары мен әрекеттер, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығынан тұрады. Ол келесі мақсаттарды қамтамасыз етуге бағытталған:

1) Қоғам құнының өсуі, кірістілік және онымен байланысты тәуекелдер арасында оңтайлы тепе-теңдікті сақтау;

2) Қаржылық-шаруашылық қызметтің тиімділігі мен Қоғамның қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу;

3) Активтердің сақталуын және Қоғам ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

4) Қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығы, сенімділігі мен шынайылығын қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;

6) Алаяқтықтың алдын алу және негізгі әрі көмекші бизнес-процестердің жұмыс істеуіне тиімді қолдау көрсету, сондай-ақ қызмет нәтижелерін талдау үшін тиісті ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз ету.

Директорлар кеңесі мен Басқарма Қоғамда тәуекелдерді басқарудың тиісті мәдениетін енгізуді қамтамасыз етеді. Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін енгізу мен оның жұмыс істеуі үздік тәжірибелерге негізделген нақты нормативтік базаға ие.

160. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын ішкі құжаттарды Қоғамның осы жүйе алдындағы міндеттеріне сүйене отырып бекітеді.

Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру – бұл басқару жүйесін құруға бағытталған, ол Қоғам қызметкерлерінің, менеджментінің және органдарының шешім қабылдау кезінде тәуекел деңгейінің негізділігі мен қолайлылығын түсінуін, тәуекелдерге жедел ден қоюды, негізгі және көмекші бизнес-процестер мен күнделікті операцияларға бақылау жасауды, сондай-ақ тиісті деңгейдегі басшылықты кез келген елеулі олқылықтар туралы дереу хабардар етуді қамтамасыз етеді.

161. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін тиімді ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдері мыналарды көздейді:

1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін айқындау;

2) шешім қабылдаудың барлық деңгейлерін қамтитын және тиісті деңгейдің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процесіндегі рөлін ескеретін ұйымдастырушылық құрылымды белгілеу;

3) тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптар (тәуекелдерді айқындау тәсілдері, тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалау тәртібі, ықпал ету әдістерін айқындау, мониторинг);

4) ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруға және бақылау рәсімдерін жүргізуге қойылатын талаптар (ішкі бақылау жүйесінің негізгі компоненттері мен маңызды бағыттарының сипаттамасы, тиімділікті бағалау және есептілік тәртібі).

162. Қоғамның ішкі құжаттарында Қоғам органдарының, ішкі аудит қызметінің және басқа да құрылымдық бөлімшелердің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру мен жұмыс істеуі шеңберіндегі рөлдері мен міндеттері, жауапкершілігі және өзара іс-қимыл тәртібі көзделеді.

Қоғамның Басқармасы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін құру мен қолдауды қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару процесі Қоғамның қызметінің нәтижелерін жоспарлау (даму жоспары және даму стратегиясы) және бағалау процестерімен біріктірілген.

163. Қоғамның әрбір лауазымды тұлғасы шешім қабылдау кезінде тәуекелдерді тиісті деңгейде ескеруді қамтамасыз етеді.

Қоғамның Басқармасы тәуекелдерді басқару рәсімдерін тиісті біліктілігі мен тәжірибесі бар қызметкерлермен енгізуді қамтамасыз етеді.

164. Қоғамның Басқармасы:

1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарды әзірлеуді және енгізуді, оларды Басқарма және/немесе Директорлар кеңесі бекіткен құжаттар негізінде жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құру және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, бұл үшін оған бекітілген қағидаттар мен рәсімдерді іс жүзінде жүзеге асырады және оларды үздіксіз қолданады;

3) Директорлар кеңесінің шешімдері мен аудит комитетінің ұсынымдарын орындауға жауапты;

4) ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне мониторинг жүргізеді;

5) бизнес-ортаның ішкі және сыртқы жағдайларының өзгерістерін ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестері мен рәсімдерін жетілдіруді қамтамасыз етеді.

165. Ішкі бақылау қағидаттарын іске асыру және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның Басқармасы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауға қатысты нақты рәсімдер бойынша өкілеттіктерді, міндеттерді және жауапкершілікті төмен тұрған деңгейдегі басшылар мен/немесе құрылымдық бөлімшелердің басшыларына / бизнес-процестер иелеріне бөліп береді.

166. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары өздерінің функционалдық міндеттемелеріне сәйкес өздеріне жүктелген Қоғам қызметінің функционалдық салаларында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін әзірлеуге, құжаттауға, енгізуге, мониторинг жүргізуге және дамытуға жауапты болады.

167. Қоғамдағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымы (қызмет ауқымы мен ерекшелігіне байланысты) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуіне жауапты құрылымдық бөлімшенің болуын көздейді. Бұл бөлімшенің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерінің жалпы үйлестіруін жүзеге асыру;

2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы әдістемелік құжаттарды әзірлеу және бизнес-процестер иелеріне және қызметкерлерге тәуекелдерді сәйкестендіру, құжаттау,

бақылау рәсімдерін енгізу, мониторингтеу және жетілдіру, тәуекелдерге ықпал ету жөніндегі іс-шаралар жоспарларын және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жоспарларын әзірлеу, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептерді қалыптастыру кезінде әдістемелік қолдау көрсету;

3) қызметкерлерге тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында оқытуды ұйымдастыру;

4) тәуекелдер портфелін талдау және тиісті тәуекелдерді басқару жөніндегі ықпал ету стратегиясы мен ресурстарды қайта бөлу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

5) тәуекелдер бойынша жиынтық есептілікті қалыптастыру, сондай-ақ ішкі құжаттарда көзделген мәселелер бойынша Директорлар кеңесі мен Басқарманы хабардар ету;

6) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функциясына жетекшілік ететін тұлға тәуекел иесі болып табылмайды, бұл оның тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функцияларын экономикалық жоспарлау, корпоративтік қаржыландыру, қазынашылық, инвестициялық қызмет, ішкі аудит функцияларымен біріктіруге жол берілмейді. Басқа функциялармен біріктіруге тек елеулі мүдделер қақтығысы туындамайтын жағдайда ғана жол беріледі.

168. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингтеу рәсімдерін, сондай-ақ тәуекел деңгейін төмендетуге бағытталған уақтылы және барабар шараларды қабылдауды көздейді.

Тәуекелдерді басқару рәсімдері жаңа тәуекелдерге жедел әрекет етуді, олардың нақты сәйкестендірілуін және тәуекел иелерін анықтауды қамтамасыз етеді. Қоғамның бәсекелестік немесе экономикалық ортасында елеулі күтпеген өзгерістер туындаған жағдайда олардың Қоғам қызметіне әсері бағаланады, тәуекелдер картасы қайта қаралады және оның тәуекел-аппетит деңгейлеріне сәйкестігі айқындалады.

169. Негізгі тәуекелдерге қатысты жалпы тәуекел-аппетит деңгейі және толеранттылық деңгейлері Директорлар кеңесімен бекітіледі және Қоғамның ішкі құжаттарында бекітіледі.

170. Негізгі тәуекелдер бойынша толеранттылық деңгейлері елеулі оқиғалар туындаған жағдайда қайта қаралады. Күнделікті қызмет барысында тәуекелдерді шектеу үшін лимиттер белгіленеді.

171. Қоғамда тәуекелдердің сипатын жан-жақты және нақты түсіну үшін тұрақты негізде тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жүргізіледі. Олар тәуекелдер тізіліміне, тәуекелдер картасына және тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарына (процестерді жақсарту, тәуекелдерді төмендету стратегиялары) енгізіледі және бұл құжаттар Директорлар кеңесімен бекітіледі.

Қоғам қызметкерлері күнделікті негізде өздерінің функционалдық міндеттеріне сәйкес тәуекелдермен жұмыс істейді, оларды басқаруды және ықтимал әсерлерін мониторингтеуді жүзеге асырады.

172. Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдер тізбесін қарау барысында олардың ішінен стратегиялық міндеттердің іске асырылуына нақты әсер етуі мүмкін тәуекелдердің қамтылуын қамтамасыз етеді, ал тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау кезінде – бұл іс-шаралардың тиімділігіне көз жеткізеді. Директорлар кеңесі мен Қоғамның Басқармасы негізгі тәуекелдер және олардың Қоғамның іс-шаралар жоспарына ықпалы тұрғысынан талдауы туралы ақпаратты тұрақты түрде алып отырады.

Тәуекелдер бойынша есептер Директорлар кеңесінің қатысуымен өтетін отырыстарда кемінде тоқсанына бір рет ұсынылады және тиісті түрде толық көлемде талқыланады.

173. Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында ашықтық қағидаттары мен тәсілдері, қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларды тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша оқыту тәжірибесі, сондай-ақ ақпаратты құжаттау және оны лауазымды тұлғаларға уақтылы жеткізу процесі енгізіледі.

174. Қоғам қызметкерлері жыл сайын, сондай-ақ жұмысқа қабылданған кезде өз лауазымдық міндеттеріне қатысты тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесімен танысу мақсатында оқытудан/кіріспе нұсқамадан өтеді.

Оқыту нәтижелері бойынша білімін тексеру (тестілеу) жүргізіледі.

20-параграф. Ішкі бақылау және аудит

175. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі шеңберінде кез келген қызметкер немесе лауазымды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі рәсімдерді, Іскерлік этика кодексін бұзу фактілері туралы Директорлар кеңесіне, ішкі аудит комитетіне және ішкі аудит қызметіне хабарлауға мүмкіндік беретін қауіпсіз, құпия және қолжетімді тәсіл ұйымдастырылады.

176. Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару практикасын жүйелі түрде тәуелсіз бағалау үшін ішкі аудит қызметі құрылады.

Қоғамда мынадай үш негізгі сала бойынша бақылау рәсімдерін әзірлеу, бекіту, формализациялау және құжаттау жүргізіледі: – операциялық қызмет; – қаржылық есептілікті дайындау; – Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ішкі құжаттарының талаптарын сақтау.

Бақылау рәсімдері басқарудың барлық деңгейлерінде жүзеге асырылуы тиіс және Қоғамның барлық қызметкерлері оларды орындауға міндетті. Бұл рәсімдер келесіге бағытталған:

1) ықтимал тәуекелдердің туындау ықтималдығын төмендету;

2) қателердің алдын алу және/немесе оларды орын алғаннан кейін анықтау;

3) қайталанатын немесе артық операцияларды анықтау және жою;

4) кемшіліктер мен жетілдіру бағыттарын анықтау;

5) ішкі бақылау жүйесін одан әрі жетілдіру.

Ішкі құжаттарда көзделген жауапкершілік шеңберінде Директорлар кеңесі ішкі аудит комитетімен бірлесіп, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауды қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі ішкі аудит қызметі, сыртқы сарапшы, ішкі аудит комитеті және Басқарма ұсынған ақпарат пен кепілдіктерге тиісті және мұқият талдау жүргізгеннен кейін, жүйенің тиімділігі туралы өз пікірін қалыптастырады.

Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдастырылуы, жұмыс істеуі мен тиімділігі мәселелерін тұрақты түрде қарайды және оны жетілдіру бойынша ұсынымдар береді.

177. Ішкі аудит қызметі өз қызметін Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелге бағытталған жылдық аудиторлық жоспар негізінде жүзеге асырады.

178. Аудиторлық есептердің нәтижелері, негізгі анықтамалар және тиісті ұсынымдар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады.

179. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде ішкі аудит қызметі ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне, сондай-ақ корпоративтік басқаруға жалпыға бірдей қабылданған ішкі аудит саласындағы стандарттар мен корпоративтік стандарттарды қолдана отырып баға береді.

Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне баға беру мыналарды қамтиды:

1) Қоғам мақсаттарына бизнес-процестердің, жобалар мен құрылымдық бөлімшелердің мақсаттарының сәйкестігін талдау, бизнес-процестердің (қызметтің) және ақпараттық жүйелердің сенімділігі мен тұтастығын қамтамасыз ету, оның ішінде құқыққа қарсы әрекеттерге, теріс пайдалануға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл рәсімдерінің сенімділігін тексеру;

2) бухгалтерлік (қаржылық), статистикалық, басқарушылық және өзге де есептіліктің дәйектілігін қамтамасыз етуді тексеру, қызмет нәтижелерін белгіленген мақсаттарға сәйкестігі тұрғысынан айқындау;

3) қойылған мақсаттарға қол жеткізу (орындау) дәрежесін талдауға Қоғам Басқармасы айқындаған өлшемдердің жеткіліктілігін анықтау;

4) қойылған мақсаттарға қол жеткізуге кедергі келтірген (келтіретін) ішкі бақылау жүйесінің кемшіліктерін айқындау;

5) бұзушылықтарды жою, кемшіліктерді түзету және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша барлық басқару деңгейлерінде жүзеге асырылатын іс-шаралардың нәтижелеріне баға беру;

6) ресурстарды пайдаланудың тиімділігі мен орындығын тексеру;

7) Қоғам активтерінің сақталуын қамтамасыз етуді тексеру;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны және ішкі құжаттарды сақтауын тексеру.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне баға беру мыналарды қамтиды:

1) тәуекелдерді тиімді басқару үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтерінің жеткіліктілігін және жетілу деңгейін тексеру (мақсаттар мен міндеттер, инфрақұрылым, үдерістерді ұйымдастыру, нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету, құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылы, есептілік);

2) Басқарма тарапынан барлық басқару деңгейлерінде тәуекелдерді анықтау мен бағалаудың толықтығын және дұрыстығын тексеру;

3) тәуекелдерді басқаруға арналған бақылау рәсімдерінің және басқа да іс-шаралардың тиімділігін, оның ішінде осы мақсаттарға бөлінген ресурстарды пайдалану тиімділігін тексеру;

4) іске асқан тәуекелдер туралы ақпаратты талдау (ішкі аудиттік тексерулер нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар, мақсаттарға қол жеткізбеу фактілері, сот процестері).

Корпоративтік басқаруға баға беру мыналарды қамтиды:

1) Қоғамның этикалық қағидаттары мен корпоративтік құндылықтарын сақтауын тексеру;

2) мақсаттар қою, олардың орындалуын мониторингтеу және бақылау тәртібін тексеру;

3) барлық басқару деңгейлерінде (оның ішінде ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша) нормативтік қамтамасыз ету деңгейі мен ақпараттық өзара іс-қимыл рәсімдерін, сондай-ақ мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды тексеру;

4) Жалғыз акционердің құқықтарын қамтамасыз ету және мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас тиімділігін тексеру;

5) Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашу рәсімдерін тексеру.

180. Қоғам қаржылық есептіліктің дұрыстығы мен оның Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкестігі туралы мүдделі тараптарға тәуелсіз және объективті пікір ұсынатын аудиттік ұйым – сыртқы аудиторды тарта отырып, жыл сайын қаржылық есептілік аудитін жүргізеді.

181. Сыртқы аудитормен іріктеу конкурстық негізде жүзеге асырылады, бұл ретте Қоғам Директорлар кеңесінің ішкі аудит комитетінің пікірі ескеріледі, ал комитет мүшелері конкурстық комиссия құрамына енгізілуі мүмкін.

182. Тартылған сыртқы аудитор Қоғамға аудиторлық тәуелсіздікке қауіп төндіруі мүмкін консультациялық қызметтер көрсетпейді. Қоғам аудиторлық ұйымнан кеткен бұрынғы аудит топтарының мүшелерін Директорлар кеңесіне, басқарушы лауазымдарға, соның ішінде Басқарма мүшесі, ішкі аудит қызметінің басшысы, бас бухгалтер немесе қаржы директоры ретінде қызметке қабылдауды олардың жұмыстан босатылған күнінен бастап кемінде екі жыл өткен соң ғана қарастырады.

Аудиторлық ұйымның тәуелсіздік тәуекелдерін және қаржылық есептілікке аудит жүргізудің әлеуетті сапасын бағалау мақсатында аудиторлық ұйымға төленетін сыйақы туралы, оның ішінде қаржылық есептілік пен басқа да ақпаратты аудиттеумен байланысты емес қызметтер үшін бөлек төленетін сыйақы туралы ақпарат ашылуы тиіс. Ақпаратты іздеуді жеңілдету үшін ол Қоғамның интернет-ресурсында және жылдық есебінде жарияланады.

Қоғамда сыртқы аудитормен іріктеу және өзара іс-қимыл мәселелері регламенттеледі.

183. Мүдделі тараптар Қоғамның қаржылық есептілігінің дәйектілігіне келесі критерийлерге сәйкес келетін сыртқы аудитордың тартылуы арқылы көз жеткізеді:

1) аудиторлық ұйым мамандарының біліктілік деңгейінің жоғары болуы, жұмыс тәжірибесінің молдығы және оң беделі (Қазақстан және, қажет болған жағдайда, халықаралық нарықтарда);

2) тиісті салада жұмыс тәжірибесінің болуы;

3) аудиторлық ұйымның халықаралық аудит стандарттарын, Қазақстан Республикасының аудит қызметі саласындағы заңнамасын, Халықаралық бухгалтерлер федерациясының кәсіби бухгалтерлердің этика кодексін сақтау;

4) қаржылық есептілікті дайындау процесі шеңберінде ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар беру және кемшіліктерді анықтау жұмысының тиімділігі.

184. Қоғам аудит жүргізу және сыртқы аудитормен өзара іс-қимыл тәртібін реттейтін құжаттарды, оның ішінде сыртқы аудитормен іріктеу процесін, конкурстық комиссияның өкілеттіктері мен функцияларын, қаржылық есептілік пен басқа да ақпаратты аудиттеумен байланысты емес консультациялық қызметтерді көрсету мәселелерін, аудиторлық ұйымдарды және аудиторлық ұйымның аға персоналын ауыстыру (ротациялау), аудиторлық ұйымның бұрынғы қызметкерлерін жұмысқа қабылдау мәселелерін бекітеді.

185. Қаржылық есептілікке аудит жүргізуге жауапты серіктестер мен аға персоналдың ротациясы Қоғамға қатарынан 5 (бес) жылдан астам аудиторлық қызмет көрсеткен жағдайда кемінде бес жылда бір рет жүзеге асырылады.

Қоғам Директорлар кеңесінің аудит комитеті сыртқы аудитормен аудит процесі шеңберінде тұрақты түрде (аудиторлық қорытынды берілгенге дейін кемінде үш рет) кездесулер өткізеді.

Сыртқы аудитор Директорлар кеңесінің ішкі аудит комитетімен қаржылық есептілікке аудит мәселелерін талқылау үшін өзара іс-қимыл жасайды. Ішкі аудит комитеті болмаған жағдайда сыртқы аудитор тікелей Директорлар кеңесімен және оның төрағасымен өзара іс-қимыл жасайды.

Сыртқы аудитор Қоғам Директорлар кеңесінің ішкі аудит комитетіне қаржылық есептілікке аудит жүргізудің барысы мен нәтижелері туралы ақпарат ұсынады; өзінің тәуелсіздігін, Қоғамда қаржылық мүдделерінің болмауын, сыртқы аудитордың қаржылық тәуелсіздігіне сыйақының жалпы сомасы тарапынан елеулі әсердің болмауын растайды.

21-параграф. Корпоративтік жанжалдарды реттеу

186. Қоғамның Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелері, сондай-ақ Қоғамның қызметкерлері өздерінің кәсіби міндеттерін адал және парасатты түрде, Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделерін басшылыққа ала отырып орындайды және корпоративтік жанжалдардан аулақ болады.

Корпоративтік жанжалдар туындаған жағдайда, қатысушылар оларды шешудің тиімді жолдарын келіссөздер арқылы табуға ұмтылады, бұл Қоғам мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Қоғамның лауазымды адамдары жанжалдың бар екені немесе туындауы туралы корпоративтік хатшыны және (немесе) омбудсменді уақтылы хабардар етеді.

Корпоративтік жанжалдардың алдын алу және оларды тиімді реттеу жұмысының тиімділігі мұндай жанжалдарды уақтылы немесе толық анықтауға және Қоғамның барлық органдарының әрекеттерін үйлестіруге негізделеді.

187. Корпоративтік жанжалдарды Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы корпоративтік хатшының және (немесе) омбудсменнің қатысуымен қарайды. Егер корпоративтік жанжалға Директорлар кеңесінің Төрағасы тартылған болса, ондай жағдайларды кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет қарайды.

188. Корпоративтік жанжалдарды объективті бағалауды қамтамасыз ету және оларды тиімді шешу үшін, жанжал тиісті түрде қозғайтын немесе қозғауы мүмкін тұлғалар оны шешу процесіне қатыспайды.

Егер корпоративтік жанжалдарды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаса, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте шешіледі.

189. Директорлар кеңесі корпоративтік жанжалдарды шешу саясатын және қағидаларын әзірлейді және оларды мезгіл-мезгіл қайта қарап отырады, бұл орайда шешімдер Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделеріне сай келуі тиіс.

190. Корпоративтік жанжалдарды реттеу Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жүзеге асырылады. Бұл жағдайда корпоративтік хатшы және/немесе омбудсмен Директорлар кеңесін корпоративтік жанжалдың мәні туралы хабардар етуге және оны шешуде делдалдық етуге міндетті.

191. Қоғам атынан Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша корпоративтік жанжалдарды шешуді жүзеге асырады және корпоративтік жанжалдарды реттеу бойынша жұмысты жүргізу тәртібін өз бетінше айқындайды.

192. Директорлар кеңесі Басқарманың құзыретіне жатпайтын корпоративтік жанжалдарды қарайды.

22-параграф. Мүдделер қақтығысын реттеу

193. Мүдделер қақтығысы – бұл Директорлар кеңесінің мүшесінің немесе Қоғам қызметкерінің жеке мүддесі лауазымдық міндеттерін бейтарап орындауға ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін жағдай.

194. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздеріне (немесе өзімен байланысты тұлғаларға), сондай-ақ өзгелерге қатысты мүдделер қақтығысының туындауына жол бермейді.

Қоғам Директорлар кеңесінің өз міндеттерін объективті орындауына кедергі келтіретін мүдделер қақтығысының туындауын болдырмау және саяси араласуды шектеу мақсатында тиісті алдын алу және реттеу тетіктерін енгізеді.

195. Мүдделер қақтығысының алдын алудың негізгі қағидаттары, оларды анықтау, бағалау және шешу тәсілдері Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Іскерлік этика кодексінде айқындалады.

23-параграф. Қоғам қызметі туралы ақпараттың ашықтығы және ашылуы

196. Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, сондай-ақ қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде қаржылық жай-күйі, қызмет нәтижелері, меншіктік және басқару құрылымы туралы ақпаратты уақтылы және шынайы түрде ашып көрсетеді.

Ақпаратты ашу ашықтық, жүйелілік және жеделдік, сондай-ақ қолжетімділік, шынайылық, толықтық және деректердің салыстырмалылығы қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ақпаратты тарату арналары оған тең қолжетімділікті, уақытылы әрі артық шығынсыз қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Ақпаратқа қолжетімділік өтеусіз негізде беріледі және онымен танысу үшін қандай да бір арнайы рәсімдерді (пароль алу, тіркелу немесе техникалық шектеулер) орындауды талап етпейді.

197. Қоғамда ақпаратты ашу және қорғау қағидаттары мен тәсілдерін, мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпараттың тізбесін, мерзімдерін, тәртібін, тәсілін, пішімін, жауапты лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің функциялары мен міндеттерін, сондай-ақ ақпаратты ашу процестерін реттейтін басқа да ережелерді айқындайтын ішкі құжаттар бекітіледі.

Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысына сәйкес ақпаратты қолжетімділік санаттарына жатқызу тәртібін, оны сақтау және пайдалану шарттарын, соның ішінде коммерциялық және қызметтік құпия болып табылатын ақпаратқа еркін қолжетімділігі бар тұлғалар шеңберін айқындайды және оның құпиялылығын қорғау шараларын қабылдайды.

198. Қоғамның интернет-ресурсы құрылымы ретке келтірілген, оңай шарлауға болатын және Қоғам қызметін түсіну үшін мүдделі тұлғаларға қажетті ақпаратты қамтиды. Ақпарат интернет-ресурста жекелеген тақырыптық бөлімдерде орналастырылады.

199. Интернет-ресурс өзектілігіне қарай жаңартылып отырады. Қоғамда интернет-ресурста орналастырылған ақпараттың толықтығы мен өзектілігіне тұрақты түрде бақылау жүргізіледі, сондай-ақ интернет-ресурстың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқаларында орналастырылған ақпараттың сәйкестігі айқындалады. Осы мақсатта интернет-ресурстағы ақпараттың толықтығы мен өзектілігі үшін жауапты тұлғалар (құрылымдық бөлімше) бекітіледі.

200. Қоғамның интернет-ресурсы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) Қоғам туралы жалпы ақпарат, оның ішінде миссиясы, негізгі міндеттері, мақсаттары мен қызмет түрлері, меншікті капиталдың мөлшері, активтердің мөлшері, таза кірісі және қызметкерлер саны туралы ақпарат;

2) Қоғамның органдарының, комитеттерінің, корпоративтік хатшының, ішкі аудит қызметінің, комплаенс қызметінің, омбудсменнің қызметін реттейтін Жарғысы мен ішкі құжаттары;

3) Этикалық қағидаттар туралы ақпарат;

4) Тәуекелдерді басқару туралы ақпарат;

5) Директорлар кеңесінің мүшелері туралы ақпарат, оның ішінде: фотосуреті (келісімі бойынша), тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), Директорлар кеңесінің мүшесінің мәртебесі

(тәуелсіз директор, Жалғыз акционердің өкілі), Директорлар кеңесі мүшесінің функциялары туралы мәліметтер, соның ішінде Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелігі немесе Директорлар кеңесінің төрағасы функцияларын орындауы, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (оқу орнының атауы, бітіру жылы, мамандығы, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы еңбек өтілі, негізгі жұмыс орны және қазіргі кезде атқарып отырған басқа лауазымдары, кәсіби біліктілігі, Директорлар кеңесіне алғаш сайланған күні және қазіргі құрамына сайланған күні, директорлардың тәуелсіздік критерийлері;

6) Басқарма мүшелері туралы ақпарат, оның ішінде: фотосуреті, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, азаматтығы, лауазымы және атқаратын функциялары, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (оқу орнының атауы, бітіру жылы, мамандығы, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы еңбек өтілі, кәсіби біліктілігі, қоса атқаратын лауазымдары;

7) жылдық қаржылық есептілік туралы;

8) жылдық есептер туралы;

9) сыртқы аудитор туралы;

10) сатып алу қызметі туралы, соның ішінде сатып алу қағидалары, хабарландырулар және сатып алу нәтижелері;

11) жарғылық капитал құрылымы туралы, оның ішінде мынадай мәліметтер: шығарылған акциялар (үлес қатысу) саны және атаулы құны, акциялармен берілетін құқықтардың сипаттамасы, жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны және атаулы құны, жалғыз акционер туралы ақпарат;

12) активтер құрылымы туралы, соның ішінде барлық деңгейдегі үлестес ұйымдар туралы және олардың қызмет саласы туралы қысқаша мәліметтер;

13) корпоративтік іс-шаралардың жылдық күнтізбесі туралы;

14) мүдделілік бар мәмілелер туралы, оның ішінде мәміле тараптары, мәміленің маңызды шарттары (мәміле мәні, мәміле бағасы), мәмілені мақұлдаған орган туралы мәліметтер;

15) ірі мәмілелер туралы, оның ішінде мәміле тараптары, мәміленің маңызды шарттары (мәміле мәні, мәміле бағасы), мәмілені мақұлдаған орган туралы мәліметтер;

16) тұрақты даму саласындағы қызметі туралы;

17) бекітілген дивидендтер мөлшері туралы;

18) жаңалықтар мен баспасөз хабарламалары туралы;

19) интернет-ресурстың басты бетінде "сенім желісі" туралы — Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі рәсімдерді, Қоғамның іскерлік этика кодексін кез келген қызметкер және/немесе лауазымды тұлға тарапынан бұзу фактілері туралы Директорлар кеңесіне (Ішкі аудит комитетіне) және ішкі аудит қызметіне хабарлаудың қауіпсіз, құпия және қолжетімді тәсілі.

201. Қоғам осы Кодексте көзделген ережелерге және ақпарат ашу тәжірибесіне сәйкес жылдық есеп дайындайды.

Жылдық есеп Директорлар кеңесімен бекітіледі.

202. Жылдық есеп — мүдделі тараптар үшін негізгі ақпарат көздерінің бірі болып табылады. Жылдық есеп құрылымы жағынан жүйеленген, көрнекі түрде ыңғайлы құжат болып табылады және қажет болған жағдайда өзге тілдерді қолдана отырып, қазақ тілінде жарияланады.

Жылдық есеп Қоғамның жылдық аудиттелген қаржылық есептілігі Жалғыз акционермен бекітілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде интернет-ресурсқа орналастырылады.

203. Жылдық есептің мазмұнына қойылатын талаптар мынадай ақпараттың болуын көздейді:

1) Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасының үндеуі;

2) Қоғам Басқарма Төрағасының үндеуі;

3) Қоғам туралы: жалпы мәліметтер; жарғылық капитал құрылымы туралы ақпарат, оның ішінде: шығарылған акциялар (үлес қатысу) саны және атаулы құны, акциялармен берілетін құқықтардың сипаттамасы, жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны және атаулы құны; даму стратегиясы, оны іске асыру нәтижелері; нарыққа шолу және нарықтағы жағдай;

4) есепті жыл үшін Қоғамның қаржылық және операциялық қызметінің нәтижелері: қойылған міндеттерге қатысты қызметке шолу және талдау, соның ішінде Қоғамның

саланың/өңірдің/Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін бағалау; операциялық және қаржылық қызмет көрсеткіштері; негізгі маңызды оқиғалар мен жетістіктер; мемлекетпен және өзге де үлестес тұлғалармен жасалған ірі мәмілелер туралы ақпарат; мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың мақсаттары мен міндеттерін орындауға байланысты шығындар және олардың қаржыландыру көздері, сондай-ақ мемлекеттен алынған/алынатын кез келген қаржылық қолдау, оның ішінде кепілдіктер және мемлекет пен қоғам алдындағы кез келген міндеттемелер, соның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде Қоғам өзіне қабылдаған шарттық міндеттемелер (егер олар Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес ашып көрсетілмесе), оның ішінде қаржылық қолдаудың шарттары, оның мақсаттары және олардың орындалуы;

5) активтер құрылымы (Қазақстан Республикасының заңнамасының және ақпаратпен шектеулі қол жеткізу тәртібін, құпия ақпаратпен жұмыс істеуді және жеке деректерді қорғауды реттейтін Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын ескере отырып);

6) келешек кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар;

7) елеулі тәуекел факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі;

8) корпоративтік басқару: корпоративтік басқару құрылымы; акционерлер құрамы және меншік құрылымы; Директорлар кеңесінің құрамы, олардың біліктілігі, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметі туралы есеп; корпоративтік басқару практикасының осы Кодекс қағидаттарына сәйкестігі туралы ақпарат, егер сәйкестік болмаса – әрбір қағидатты сақтамау себептері туралы түсініктемелер; Қоғам Басқармасының құрамы; Басқарма қызметі туралы есеп; Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу саясаты және есепті жылдағы сыйақының мөлшері;

9) ESG қағидаттарын (экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік, корпоративтік басқару) енгізу мен қолдануға бағытталған іс-шаралар мен қызмет, Қоғамның тұрақты дамуы және Қоғамның БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына Қазақстан Республикасында қол жеткізуге қосқан үлесі (тұрақты даму бойынша жеке есеп дайындалған жағдайда, сол есепке сілтеме беру мүмкіндігі);

10) сыртқы аудитордың қорытындысы және түсіндірме жазбалары бар қаржылық есептілік;

11) жылдық есепке енгізілетін талдамалық көрсеткіштер мен деректерде өткен кезеңмен салыстырмалы талдау және қол жеткізілген ілгерілеу (немесе кері кету) көрсетіледі (өткен жылдық есепте көрсетілген ұқсас көрсеткіштермен салыстыру); осы салада жұмыс істейтін жекеменшік және халықаралық компаниялармен көрсеткіштерді салыстыру мақсатында салалық бенчмаркинг-талдау жүргізуге мүмкіндік беретін қызмет көрсеткіштері жарияланады.

3-тарау. Қорытынды ережелер

204. Қоғам өз қызметінде осы Кодекс ережелерін енгізуге ұмтылады.

205. Қоғам заңнамадағы өзгерістер мен корпоративтік басқарудың халықаралық және ұлттық практикадағы жаңа стандарттарының пайда болуын ескере отырып, Жалғыз акционердің, Қоғамның және мүдделі тараптардың мүдделерін басшылыққа ала отырып, осы Кодексті жетілдіреді.

206. Кодексте қарастырылмаған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғам Жарғысымен және ішкі құжаттарымен реттеледі.

207. Кодекс ережелерін бейімдеу және қолдану мақсатында Қоғам қосымша ішкі құжаттарды әзірлеуі және қабылдауы мүмкін.